

Құжат № 01-12/2

Күні: 01.09.2026

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Тәрбие жұмысының 2026–2027 жылдық жоспары

Жоспар оқушылардың адамгершілік, азаматтық, патриоттық және дене тәрбиесін жан-жақты дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесін қамтиды. Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарына сүйене отырып құрылды.

Әр сыныпта апта сайын сынып сағаттары өткізіледі, онда отансүйгіштік, салауатты өмір салты, киберқауіпсіздік және құқықтық тәрбие тақырыптары қаралады. Сонымен қатар мектепте 15-тен астам үйірме мен спорт секциясы жұмыс істейді.

Жылдың ішінде дәстүрлі мектеп мерекелері: Білім күні, Ұстаздар күні, Наурыз мейрамы, Тәуелсіздік күні және Соңғы қоңырау мерекесі ұйымдастырылады. Әр іс-шараға жауапты педагогтар тағайындалып, алдын ала бекітілген сценарий бойынша өткізіледі.

Ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыс тәрбие жоспарының ажырамас бөлігі болып табылады — тоқсан сайын жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізіледі.